

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Медиаплеері DEXP Anycast MR12

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен өндірілетін өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз Сізге сапасына, функционалдылығына және дизайнына жоғары талаптарға сәйкес құрастырылған және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғыны пайдалану ережелері

Пайдаланушы ол осы құрылғыны пайдалана отырып ойнататын, және/немесе жүктейтін, және/немесе тарататын аудиовизуалдық шығармаларға қатысты толық жауапкершілік көтереді. Пайдаланушы оның аудиовизуалдық шығармаларды жүктеуі және/немесе таратуы авторлық немесе сабақтас құқықтарды бұзбайтынына, және жаңғырту кезінде авторлық құқықтарды өздігінен қамтамасыз ететігіне көз жеткізуі тиіс. Өндіруші аудиовизуалдық шығармаларды жүктеу, және/немесе тарату, және/немесе ойнату кезінде олардың мазмұны үшін, олардың заңнама талаптарына сәйкес болуы үшін, авторлық құқықтардың бұзылғаны үшін, тауарлық белгілердің фирма атауларының және олардың логотиптерінің рұқсатсыз пайдаланылғаны үшін, сондай-ақ пайдаланушы оралды жүктеген, және/немесе таратқан, және/немесе жаңғыртқан кезде үшінші тұлғалардың құқықтарының ықтимал бұзылғаны үшін жауапкершілік көтермейді. Интернет желісінен жүктелген аудиовизуалдық шығармаларды ойнату, авторлық құқықтар сақталатын шартпен, Ресей Федерациясының АҚ 1273-бабы 5-тармағында көзделген шартты сақтай отырып жеке мақсаттарда ғана мүмкін болады («Автордың немесе өзге де құқық иесінің келісімінсіз және сыйақы төлеусіз, азаматтың заңды жарияланған шығарманы ойнатуына жеке мақсаттарда ғана жол беріледі, мыналарды қоспағанда: «аудиовизуалдық шығарманы адамдар еркін кіре алатын ашық жерлерде, немесе отбасының әдеттегі құрамына жатпайтын адамдар көп жиналатын орында аудиовизуалдық шығарманы бейнетаспаға жазу»).

Пайдаланушының аудиовизуалдық материалдарды тарату ережелері

Пайдаланушы тарататын аудиовизуалдық материалдардың құрамында мыналар болмауға тиіс:

- заңсыз, зиянды, қатер төндіретін, үшінші тұлғалардың адамгершілігін, намысы мен абыройына, құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорлайтын, жала, авторлық құқықтарды бұзатын, нәсілдік, этникалық, жыныстық, әлеуметтік белгілері бойынша адамдарды жек көруді және/немесе кемсітуді үгіттейтін, діни, нәсілдік немесе ұлтаралық алауыздықты тұтандыруға ықпал ететін және зорлық-зомбылық, немесе жануарларды адамгершілікке жатпайтындай ұстау оқиғалары және т.б. бар материалдар;
- азшылықтың құқықтарына нұқсан келтіру;
- заң бойынша немесе қандай да бір келісімшарттық қатынастарға сай қолжетімді етуге пайдаланушының құқығы жоқ материалдар;
- үшінші тараптың қандай да бір патентін, сауда маркасын, коммерциялық құпиясын, копирайтын немесе өзге меншік құқықтарын және/немесе авторлық және онымен сабақтас құқықтарын қозғайтын материалдар;
- арнайы рұқсат берілмеген жарнамалық ақпарат;
- кез келген компьютерлік немесе телекоммуникациялық жабдықты немесе программаларды бұзуға, жоюға немесе функционалдығын шектеуге, рұқсат берілмеген қолжетімділікті жүзеге асыруға арналған компьютерлік кодтар бар материалдар, сондай-ақ коммерциялық программалық өнімдерге берілген сериялық нөмірлер, логиндер, құпиясөздер және интернеттегі ақылы ресурстарға рұқсатсыз қолжетімділік алуға арналған өзге құралдар;
- қандай да бір қолданылатын жергілікті, мемлекеттік немесе халықаралық заңдарды әдейі немесе кездейсоқ бұзу;
- жарнамалық, коммерциялық немесе үгіт сипатындағы жазбаларды келіспей беру;
- есірткілік заттарды жарнамалау;
- біреудің атына дөрекі және қорлаушы сөздер мен сөйлемдер айтылған жазбалар;
- порнографиялық сипаттағы материалдар бар жазбалар.

Сақтық шаралары

- Өртті немесе тоқ соғуын болдырмау үшін құрылғыға су кірмейтін етіп қолданыңыз және құрылғыны ылғалдылығы жоғары жағдайда пайдаланбаңыз.
- Құрылғының құрамында кернеуі жоғары компоненттер бар, сондықтан құрылғыны өзіңіз ашуға және жөндеуге тырыспаңыз.
- Аудиожүйеңіз зақымдалмас үшін дауыс қаттылығын тек ойнату басталғаннан кейін ғана реттеңіз.
- Суықта ұзақ болған аспапты қосар алдында бөлме температура-сында 1 сағат ұстау қажет.
- Құрылғының жұмысында кез келген ақаулар анықталған кезде, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз да авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыға кез келген қызмет көрсетуді авторландырылған сервис орталығының білікті мамандары ғана жүргізуі тиіс.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Бұйымды қызмет мерзімі өткеннен кейін пайдалану

- Осы бұйым үшін белгіленген қызмет мерзімі бұйым жеке, отбасы немесе үй қажеттіліктері үшін пайдаланған кезде ғана, сондай-ақ тұтынушы бұйымды пайдалану, сақтау және тасымалдау ережелерін сақтаған болса ғана қолданылады. Бұйым ұқыпты пайдаланылған кезде және пайдалану ережелері сақталған болса, нақты қызмет мерзімі белгіленген қызмет мерзімінен ұзақ болуы мүмкін.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымға профилактикалық қызмет көрсету және одан әрі пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін авторландырылған сервис орталығына хабарласу қажет. Бұйымдарға профилактикалық қызмет көрсету және диагностика жүргізу бойынша жұмыстарды сервис орталықтары ақылы негізде орындайды.
- Қызмет мерзімі өткен бұйымды уәкілетті сервис орталығында оған профилактикалық қызмет көрсетілмей пайдаланбаған жөн, өйткені бұл жағдайда бұйым тұтынушының өмірі, денсаулығы немесе мүлкі үшін қауіп төндіруі мүмкін.

Техникалық сипаттамалары

- Модель: Anycast MR12.
- Операциялық жүйе: Linux.
- Процессор: Rockchip 3036.
- Жедел жад: 128 MB.
- Қуат беру: 5 В / 0.5 А.
- Интерфейс: Micro USB және HDMI.
- Wi-Fi чип: RTL8188.
- Сымсыз желі параметрлері: Wi-Fi 802.11 b/g/n 2.4G.

Жүйелік талаптар

- iOS 7 және одан жоғары, iPhone 4+, iPad 2+, iPod 4+.
- Android 4.2, ЖЕК 1 Гб.
- Windows 8.1 және одан жоғары.
- Mac OS 10.8.

Құрылғыны қосу

- Медиаплеерді теледидардың немесе басқа көрсету құрылғысының HDMI-ағытпасына қосыңыз.
- Медиаплеерді USB кабелі (теледидардың / проектордың / желілік адаптердің USB ағытпасы) арқылы қуат көзіне қосыңыз.
- Теледидарыңыздың қашықтан басқару пультін пайдалана отырып, сигнал көзін таңдау пернесін (Source/Input) басып, медиаплеер қосылған HDMI-ағытпаны таңдаңыз.

Экранды қайталау функциясы (iOS)

- Құрылғыңызда (ноутбукта, смартфонда және т.б.) Wi-Fi қосыңыз.
- Қолжетімді желілер тізімінен теледидардың экранында көрсетілген SSID бар желіні таңдаңыз (мысалы, AnyCast-xxxxxxx). «12345678» құпиясөзін енгізіп, осы желіге қосылыңыз.
- Браузерді ашып, адрес жолында 192.168.49.1 адресін енгізіңіз. Осы адрес бойынша өтіп, «WiFi» батырмасын басыңыз.
- Құрылғыны өз үйіңіздегі Wi-Fi үй желісіне қосып, құрылғыңызда экранды қайталайтын батырманы басыңыз.

Экранды қайталау функциясы (Android)

- Құрылғыңызда экранды қайталау функциясын қосыңыз (құрылғының моделіне қарай бұл функцияның әртүрлі атаулары болуы мүмкін және әртүрлі мәзірлерде орналасуы мүмкін).
- Құрылғыңызда (ноутбукта, смартфонда және т.б.) Wi-Fi қосыңыз.
- Қолжетімді желілер тізімінен теледидардың экранында көрсетілген SSID бар желіні таңдаңыз (мысалы, AnyCast-xxxxxxx).

- «12345678» құпиясөзін енгізіп, осы желіге қосылыңыз.
- Браузерді ашып, адрес жолында 192.168.49.1 адресін енгізіңіз. Осы адрес бойынша өтіп, «WiFi» батырмасын басыңыз.
- Құрылғыны Сіздің үйдегі Wi-Fi жүйесіне қосыңыз.

DLNA режимі

- Құрылғыңызда (ноутбукта, смартфонда және т.б.) Wi-Fi қосыңыз.
- Қолжетімді желілер тізімінен теледидардың экранында көрсетілген SSID бар желіні таңдаңыз (мысалы, AnyCast-xxxxxxx). «12345678» құпиясөзін енгізіп, осы желіге қосылыңыз.
- Браузерді ашып, адрес жолында 192.168.49.1 адресін енгізіңіз. Осы адрес бойынша өтіп, «WiFi» батырмасын басыңыз.
- Құрылғыны Сіздің үйдегі Wi-Fi жүйесіне қосыңыз.
- Құрылғыңыздағы қажетті қосымшаны іске қосып, теледидардың экранынан ойнатқыңыз келетін музыкалық немесе видео файлды таңдаңыз.
- Таңдалған файлды жаңғыртуды бастаңыз.
- Сіз қосымшаны фондық режимге қайтарып, құрылғыңызды пайдалана бересіз (мысалы, мессенджерде сөйлесе аласыз, поштаны тексере аласыз немесе браузерде интернет сайттарын қарай аласыз), бұл файлдарды ойнатуға еш әсер етпейді.

ЕСКЕРТПЕ:

- Егер құрылғы пайдаланылмайтын болса, оны қуат беру желісінен ажыратып жүріңіз.
- Тұрақты қосылысты қамтамасыз ету үшін құрылғыны сигнал қабылдау сапасы жақсы болатын жағдайларда пайдаланыңыз.
- Жұмысты бастамас бұрын Wi-Fi желісі сигналының сапасы жақсы екеніне көз жеткізіңіз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Шарттар қандай да бір құрастыру немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы ауа температурасы 5 °C-дан 40 °C-ға дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғына тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққылар, ылғал, от және т.б. әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған

ортаға және адам денсаулығына қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

- Аспаптың ақаулығын анықтаған кезде авторландырылған сервис орталығына дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь И Си Тэкнолоджи Ко., Лтд.

2-қабат, С7 ғимараты, Фуцяо өнеркәсіптік аймағы №4, Цяотоу, Фуюн, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016

«Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер және өнім туралы ақпарат пайдаланушыға мәлімдеусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі адрес: www.dexp.club

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

www.dexp.club